


ОЙЫЛДА ЖАҢА КӨПІР ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ

ОЙЫЛ АУЫЛЫНА КІРЕБЕРІСТЕГІ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА КӨПІР КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ ҮШІН РЕСМИ ТҮРДЕ АШЫЛДЫ. 2024 ЖЫЛЫ СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ ЗАҚЫМДАНҒАН ОЙЫЛ АУЫЛЫНА КІРЕБЕРІСТЕГІ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛЫНДАҒЫ КӨПІР ІСКЕ АЛҒЫСЫЗ БОЛЫП, АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТІРЛІГІНЕ ҚИЫНДЫҚ КЕЛТІРГЕН ЕДІ. МІНЕ, СОЛ КӨПІРДІ ҚАЙТА ЖАҢАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ТОЛЫҚ АЯҚТАЛДЫ.



Бүгін жаңа көпірдің ашылу салтанаты өтті. Іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Асылбек Есенбаев, аудан басшылығы, мердігер ұйым өкілдері, ауданның құрметті азаматтары мен ауыл тұрғындары қатысты. Облыс әкімінің орынбасары Асылбек Есенбаев жаңа көпірдің аудан үшін стратегиялық маңызды екендігін атап өтті:

— Көптен күткен, ойдағы елді облыс орталығымен жалғастыратын жаңа көпірді ел игілігіне тапсырғалы тұрмыз. Нысан құрылысының күрделі және маңызды болуына сәйкес жобалау жұмыстарынан бастап бүгінгі сәтке дейін қатаң техникалық қадағалауда болды. Өздеріңізге мәлім құрылыс екі кезеңде жүргізілді. Жер асты жұмыстары ауқымды болды және ұзақ уақыт жүргізілді. Нәтижесінде ұзындығы 240 метрге жуық өңіріміздегі ең үлкен көпірлердің бірі пайдалануға беріліп отыр, — деген Асылбек Есенбаев жаңа көпір жолаушылардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететініне тоқталды. Сонымен бірге нысанның өңірдің көлік-логистикалық әлеуеті үшін маңызды екенін айтты:

— Мемлекет басшысының Қазақстанды үлкен құрылыс алаңына айналдыруымыз керек деген тапсырмасы бар. Осы тапсырманы орындау барысында облысымызда маңызды және ірі жобалар іске асырылуда. Осы жобалардың арасында, «Батыс Қазақстан қатар «Ақтөбе – Хромтау – Қарабұтақ – Ұлғайсын», «Ұлғайсын – Сексеуіл», «Қандыағаш – Ембі

— Шалқар – Ырғыз», «Ырғыз – Торғай» автожолдары да салынып жатыр, — деді. Асылбек Есенбаев ойылдықтарды өңір басшысы Асхат Шахаровтың атынан құттықтап, мердігер «ТенгизСтройСервисГрупп» компаниясы жұмысшылары мен басшылығына ризашылығын жеткізді. Салтанатты жиында Ойыл ауданының құрметті азаматы, аудан ақсақалы Ғазиз Займолдаұлы Ойылда атқарылып жатқан игі істер туралы айтып, ақ батасын берді.

— Ауданда кейінгі жылдары тұрғын үй құрылысы, жол, инженерлік желілер және өндірістік нысандар салу қарқын алды. 200-ден астам тұрғын үй салынды. Екпептал ауылында мектеп пен балабақша пайдалануға берілді. Қаратал ауылында «Балбұлақ» бөбекжай-бақшасы салынды. Шұбарши-Миялы, Ойыл-Қараой жолдары салынды. Амангелді, Көлтоғай, Қаракемер, Ақшатау, Кемер, Ақкемер елді мекендеріне көгілдір отын жүргізілді. Зардап шеккендерге көмек көрсетілді. Бүгінде ел көптен күткен, стратегиялық маңызы зор іс жүзеге асырылып, жаңа көпір пайдалануға беріліп жатыр. Халқымыздың түсінігінде шөлді жерде құдық қазу, көпір салу – сауапты іс. Жол мен көпір – көпке ортақ игілік, экономикалық дамудың көрсеткіші. Халыққа осындай жағдай жасап отырған ел Президентіне, облыс, аудан басшыларына, осындай игі істердің басы-қасында жүрген азаматтарға алғыс айтамыз, — деді Ғазиз Займолдаұлы. Сондай-ақ көпір құрылысының жүзеге асуына үлес қосқан нысан

мердігері, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының иегері Владимир Розыметов сөз сөйлеп, атқарылған жұмыстарға тоқталды. Жаңа көпірдің пайдалануға берілуі — су тасқынынан кейінгі инфрақұрылымды қалпына келтірумен қатар, Ойыл ауданының көлік қатынасын жақсартуға бағытталған маңызды жоба. Нысан Ойыл ауданы тұрғындарының қауіпсіз өрі тұрақты қатынасын қамтамасыз етіп, ауданның

2024 жылы су тасқыны кезінде су шайып, зақымданған көпірді қайта жаңарту бойынша шілде айында «Тенгизстройсервис Групп» ЖШС-мен келісімшарт жасалып, құрылыс жұмыстары басталған еді. Сол жылы қолданыстағы көпірді бөлшектеу жұмыстары жүргізілді. 2025 жылдың қаңтар айында нысанның жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу аяқталып, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Жобаға сәйкес құрылыс жұмыстары 15 айға созылды. Жобаның жалпы құны — 3,2 млрд. теңге.

Қайта жаңартылған көпірдің ұзындығы — 280 метр. Құрылыс барысында 70 қада қағылып, оның 30-дан астамы 26-38 метр тереңдікке орнатылды. Көпірдің 8 тіреуі толық тұрғызылып, 8 тіреу аралығына 56 арқалық орналастырылды. Бұдан бөлек, көпірдің жүріс бөлігіне монолитті плиталар құйылып, асфальт жабыны төселді. Барьерлік қоршаулар орнатылып, құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталды.

әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етпек. Су тасқынынан кейін Ойыл ауданында елді мекендердің қалыпты тіршілігін қалпына келтіру, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағытында ауқымды жұмыс атқарылды. Оның ішінде Ойыл ауылында 320 орындық жаңа мектеп, 150 орындық балабақша және 172 тұрғын үй салынса, Қаратал ауылында 60 орындық балабақша бой көтерді. Сонымен қатар елді мекендерді су басу қаупінен қорғау мақсатында бөгеттер мен дамбылар салынып, нығайтылды.

Ауыл тұрғындары жаңа көпірдің ел үшін маңызына тоқталып, көпірдің пайдалануға берілуі көлік қатынасын жеңілдетіп, тұрғындардың қауіпсіз өрі қозғалысына мүмкіндік беретінін айтты. Салтанатты рәсімнің ең маңызды сәтінде Ғазиз Займолдаұлы мен Владимир Розыметов жаңа көпірдің лентасын қиды. Одан соң жаңа көпірден көліктер бірінен соң бірі өтіп, жүйткі жөнелді.

Шашу шашылып, көпшілік қуанышты сәттің куәсі болды. Осы күні Ойыл аудандық әкімдігінде өткен іс-шарада облыс әкімінің орынбасары Асылбек Есенбаев өңір басшысының және өз атынан мердігерлерге, осы істің басы-қасында жүрген азаматтарға Алғыс хат тапсырды. Жаңа көпір — аудан инфрақұрылымын жаңғырту бағытындағы игі істердің бірі. Елді мекендер арасындағы қатынасты жақсартып, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған бұл нысанның ойылдықтар үшін маңызы зор.

**Мейрамғұл РАХАТҚЫЗЫ,
Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ.**

ОСК Құрылтай депутаттары сайлауының нәтижесін жария етті

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Өбдіров 23 тамызда өткен Құрылтай депутаттары сайлауының нақтыланған алдын ала нәтижелерін жария етті.

Сонымен дауыс жинау көрсеткіші келесідей:

- «Өділет» партиясы 6 528 948 адам немесе 71,17 пайыз;
- ЖСДП 469 058 адам немесе 5,11 пайыз;
- «Байтақ» партиясы 97 751 адам немесе 1,07 пайыз;
- ҚХП 285 395 адам немесе 3,11 пайыз;
- «Ауыл» партиясы 574 621 адам немесе 6,26 пайыз;
- «Ақжол» партиясы 478 083 адам немесе 5,21 пайыз;
- Respublica партиясы 509 631 адам немесе 5,56 пайыз.

Ал 230 446 адам немесе сайлаушылардың 2,51 пайызы бөріне қарсы болды.

Айта кетейік, бұған дейін еліміздегі алғашқы Құрылтай сайлауында үш зерттеу ұйымы дауыс беру қорытындысына қатысты экзитпол нәтижелерін ұсынған болатын.

Нұрлан Өбдіровтің мәліметінше, сайлаушылардың нақтыланған тізімдеріне сәйкес, Қазақстан Республикасы сайлаушыларының жалпы саны 12 623 289 адамды құрады.

Оның ішінде цифрлық үкімет порталы мен азаматтарды тіркелген жері туралы мәліметтерді тексеру және дауыс беру учаскелерінің мекен-жайлары бойынша азаматтарды тіркеу онлайн сервистері арқылы 9 865 адам енгізілді. Сайлауға 9 351 539 адам немесе тізімге енгізілген азаматтардың 74,08 пайызы қатысты.

kaz.inform.kz



СЕССИЯ БЮДЖЕТ ТОЛЫҒЫП, ӘКІМНІҢ ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ



Өткен аптада аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдиннің төрағалық етуімен аудандық мәслихаттың кезекті отыз үшінші сессиясы өтті. Сессия отырысына аудан әкімі Асқар Қазыбаев, аудандық мәслихат депутаттары, ауылдық округ әкімдері, тиісті мекеме басшылары және БАҚ өкілі қатысты.

Халық қалаулылары алдымен өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың есебін тыңдап, Ойыл аудандық мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы №301 «Ойыл ауданы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы» шешімінің ауданда орындалуы туралы аудандық жер

қатынастары бөлімінің басшысы Мәулен Төремұратовтың даяндамасын талқылады. Одан кейінгі күн тәртібіндегі мәселе - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының орындалу барысы туралы аудандық білім бөлімінің басшысы Орынбасар Бегжанов баяндады.

Сондай-ақ сессия барысында Ойыл аудандық мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы № 294 «2026-2028 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізіліп, Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекітілді.

«BUSINESSGO» — ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕ

«АТАМЕКЕН» ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН ОТАНДЫҚ БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН МҮЛДЕМ ЖАҢА ӘРІ БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ӨНІМ – BUSINESSGO ЭКОЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ. АТАЛМЫШ ПЛАТФОРМА ЕЛІМІЗДЕГІ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІ ҮШІН САУДА МЕН ЕСЕПТІ БАСҚАРУДЫҢ БАРЛЫҚ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫН БІР ЖЕРГЕ ШОҒЫРЛАНДЫРАТЫН БІРЕГЕЙ ШЕШІМ БОЛМАҚ.



Бүгінде кәсіпкерлер өз ісін жүргізу барысында түрлі жеткізушілердің бірнеше жүйесін қатар пайдалануға мәжбүр. Салдарынан бизнес күрделі техникалық интеграциялармен бетпе-бет келіп, әртүрлі жеке кабинеттерде жұмыс істейді және бөлек-бөлек техникалық қолдау қызметтеріне жүгінеді.

Сонымен қатар, бұл цифрлық құралдарды жекелей сатып алу және оларды сүйемелдеу кәсіпкерлер үшін жылына айтарлықтай шығын әкеледі

BusinessGO кәсіпкерлердің аталған түйткілді мәселелерін қалай шешеді?

Платформа барлық қажетті сервистерді бір экожүйеге біріктіру арқылы бизнесті басқаруды айтарлықтай жеңілдетіп, шығындардың азаюына ықпал етеді әрі бірыңғай техникалық қолдау орталығын ұсынады. Кәсіпкер-

ге енді әртүрлі жеткізушілердің бағдарламаларын іздеп, оларды өзара байланыстыру үшін уақыт пен қаражат шығындаудың қажеті жоқ.

BusinessGO экожүйесінің құрамына келесі негізгі цифрлық шешімдер кіреді:

- ФДО – фискалдық деректер операторының қызметі;
- GreenKassa – заманауи онлайн-касса жүйесі;
- GreenMag – тауарлық есеп пен қойманы басқару жүйесі;
- Amian Business – сатылымды арттыруға арналған маркетингтік платформа;
- GreenScan – акциздік маркалар мен өнімдердің таңбалануын жылдам тексеру сервисі;
- Салық төлеуші паспорты – QR-код арқылы бизнес туралы ақпаратты жедел тексеру құралы;
- Tax Free – шетелдік сатып алушылар үшін ҚҚС қайтаруды

ресімдеу сервисі;

•Findex – базарлар мен сауда орталықтары үшін сауда-саттықты мониторингілеу және бақылауға арналған аналитикалық жүйе.

•Платформаға қосылу арқылы отандық кәсіпкерлер сатылым көлемін ұлғайтуға, бағдарламалары есебінен орташа чекті өсіруге және күнделікті қол еңбегін автоматтандыруға мүмкіндік алады. Бастысы –бизнесті кез келген жерде, кез келген уақытта әрі кез келген құрылғыдан толық бақылауда ұстауға болады.

Цифрлық платформа нәліктен тиймді?

«Атамекен» ҰҚП бұл жоба арқылы кәсіпкерлер үшін қолжетімді заманауи цифрлық инфрақұрылым қалыптастырып, Қазақстанның барлық өңіріндегі шағын және орта бизнестің сапалы әрі қарқынды дамуына жағдай жасауды көздейді. Со-

нымен қатар, Палата бөлшек сауда бойынша нақты аналитикалық деректерге қол жеткізе отырып, отандық бизнестің басты серіктесі ретіндегі рөлін одан әрі нығайта түспек.

Жаңа цифрлық платформамен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ресми сайтында танысуға болады, ал экожүйеге қосылу businessgo.kz сайтында электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы санаулы минуттар ішінде жүргізіледі. Жүйе компания деректерін автоматты түрде таниды, содан кейін қажетті модульдерді таңдап, келісімді тікелей портал арқылы растау жеткілікті.

Сондай-ақ, BusinessGO жүйесінің мүмкіндіктері мен оған қосылу тәртібі бойынша толық ақпаратты 1432 байланыс орталығына хабарласу арқылы білуге болады.

МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ НАУҚАНЫНДА ӨРТКЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК!

Қоғамдық мал басын өсіру, одан алынатын өнімдерді арттыру ең бірінші шаруашылықтың жоғары сапалы жем-шөппен қамтамасыз етілуіне байланысты. Мал азығын дайындау кезінде ысырапқа жол бермеудің үлкен маңызы бар. Сондықтан, мал азығын дайындау кезінде өрт қауіпсіздігін шараларын қатаң сақтау керек!

Яғни, жұмылдырылатын техникаларды жарақты өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, ірі жемшөптерді тасымалдауға арналған көлік құралдары екі ұнтақты өрт сөндіргішпен қосымша жабдықтау керек. Агрегатта және оның, айналалында темекі тартуға тыйым салу, темекі тарту үшін арнайы орын бөлген жөн. Тракторлар мен автомобильдердің ұшқын сөндіргіштермен және өрт сөндіргіштермен жабдықталуына да баса назар аудару керек. Электр-газ дәнекерлегішімен жүргізілетін жөндеу жұмыстарын арнаулы орындарда атқарған дұрыс. Ірі жемшөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспауы керек! Ірі жемшөптерді тасымалдау арнайы жабдықталған көлік құралымен жүзеге асырылады, олардың пайдаланылған құбырлары радиатордың астына шығарылады және ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады. Тұрғын үйлердің қожалық учаскелерінде ірі жемшөптерді ғимараттарға және аула алдын-

дағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтыққа жинау керек! Көрсетілген қашықтықта ірі жемшөптерді жинау мүмкін болмаған кезде, жинау орнын кемінде 500 литр суы бар қосымша ыдыспен қамтамасыз еткен жағдайда қашықтық 5 метрге дейін қысқартуға болады. Қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына, электр жеткізу желілерінің астына, учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді. Бұл ережелер мал азығын дайындауға атсалысып жүрген әрбір қожалық мүшелерімен жұмысшыларға таныстырылып, оны қатаң сақтауды бақылау әрбір қожалық иелерінің міндеті. Сондықтан да дайындалған мал азығын дайындау, тасымалдау кезінде өрт қауіпін сақтану мақсатында барлық өрт қауіпсіздік ережелерімен талаптарды қатаң сақтау керек. Осыған байланысты барлық жерде мал азығын дайындаумен қатар оны өрттен сақтаудың барлық шараларын қолдану қажет. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігіне қойылатын ережелер мен талаптарды орындамау ҚР ӘҚБтҚ-ы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығын да ескертеміз.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ИПБ-ға БЕРУ БЖЗҚ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ СҰРАҚТАР

1. Міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын 100% инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) беру мүмкіндігіне қатысты заңнамалық өзгерістерді кімдер пайдалана алады? Беру үрдісі қалай жүзеге асырылады?

Қазіргі уақытта салымшылар міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған жинақтарының 50%-на дейінгі бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ), сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған жинақтарының 100%-на дейінгі бөлігін ИПБ-ға бере алады. 2026 жылғы 7 қыркүйектен бастап салымшылардың міндетті зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға беру мүмкіндігі 100%-ға дейін кеңейеді. Салымшыларға ИПБ-ны таңдау кезінде қолайлы болуы үшін зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі invest.enpf.kz интернет-платформасында ай сайын барлық қажетті ақпарат жарияланады. Атап айтқанда, онда қаржылық көрсеткіштер, зейнетақы активтерінің кірістілігі, сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің көлемі, инвестициялық портфельдің құрылымы және оның динамикасы көрсетіледі. Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беру үшін салымшы зейнетақы активтерін басқаруға жіберілген ИПБ тізілімінен қажетті ИПБ-ны таңдауы қажет. Бұл туралы толық ақпарат БЖЗҚ сайтындағы «Қызметтер – Сенімгерлік басқаруға беру – Инвестициялық портфельді басқарушылар тізілімі» бөлімінде орналастырылған. Одан кейін белгіленген нысан бойынша өтініш беру қажет. Мұны БЖЗҚ сайтындағы жеке кабинет арқылы электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып немесе БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесіне барып жасауға болады. Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру туралы берілген өтініштің мәртебесін БЖЗҚ сайтындағы



жеке кабинеттен немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасындағы «Менің төлемдер/аударымдар/ ЕЗЖ қайтаруға қатысты өтініштерім» бөлімінен бақылауға болады.

ИПБ-ға беру туралы өтініштерді қабылдау, сондай-ақ оларды БЖЗҚ-да өңдеу үрдістері толық автоматтандырылған. БЖЗҚ зейнетақы активтерін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беруді нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген мерзім ішінде жүзеге асырады.

2. ИПБ салымшыларға не ұсына алады?

2023 жылғы 1 шілдеден бастап салымшылар міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған жинақтарының 50%-на дейінгі бөлігін және ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған жинақтарының 100%-на дейінгі бөлігін ең төменгі жеткіліктілік шегін есепке алмай, ИПБ-ға аудару мүмкіндікке ие болды. Сонымен қатар, егер сақтандыру компаниясымен зейнетақы аннуитеті шарты жасалған болса, МЗЖ және/немесе МКЗЖ бойынша жинақтардың бүкіл сомасын аударуға болады. 2026 жылғы 7 қыркүйектен бастап салымшылардың міндетті зейнетақы жинақтарын

ИПБ-ға беру мүмкіндігі 100%-ға дейін кеңейеді.

Зейнетақы жинақтарының 100%-на дейінгі бөлігін ИПБ басқаруына беру салымшыларға ИПБ-лардың көрсеткіштері мен инвестициялық стратегияларын зерделеу негізінде, өздерінің жеке қалауларын ескере отырып, капиталды ұзақ мерзімді перспективада көбіттуге мүмкіндік береді.

3. Қандай компанияларға зейнетақы активтерін басқаруға рұқсат берілуі мүмкін?

Зейнетақы активтерін басқаруға, қолданылатын стратегиясына қарамастан, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің зейнетақы активтерін басқаруға жіберілген ИПБ тізіліміне енгізілген компанияларға ғана рұқсат беріледі. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ИПБ-ларға арнайы талаптар әзірлеген. Атап айтқанда, олардың инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясы, нарықта және клиенттердің активтерін басқаруда табысты жұмыс тәжірибесі, соңғы бірнеше жылдағы қаржы-шаруашылық қызметінің оң нәтижелері, зейнетақы активтерін инвестициялауға байланысты шығындарды өтеуге жеткілікті меншікті капиталы және т.б. болуы тиіс. Сонымен қатар, ИПБ БЖЗҚ-мен

зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт жасасуы, сондай-ақ БЖЗҚ және кастодиан-банкпен ұшжақты кастодиандық шарт жасасуы қажет.

Қазіргі уақытта зейнетақы активтерін басқаруға алты компания жіберілген. Олар:

- «Alatau City Invest» АҚ;
- «BCC Invest» АҚ;
- «Halyk Global Markets» АҚ;
- «Halyk Finance» АҚ;
- «Сентрас Секьюритиз» АҚ;
- «Tansar Capital» АҚ.

«Halyk Global Markets» АҚ 2025 жылғы 30 желтоқсанда БЖЗҚ-ға 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап ИПБ бастамасымен шартты бұзу туралы хабарлады. Осыған байланысты БЖЗҚ 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап салымшылардың зейнетақы активтерін оның басқаруына аудару туралы жаңа өтініштерін қабылдамайды. Компания тізілімнен шығарылған жағдайда, салымшылардың жинақтары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің басқаруына қайтарылады.

4. Зейнетақы жинақтарын басқаруды қай компанияға сеніп тапсыру көректігін қалай таңдауға болады?

Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдамас бұрын, нарықтағы ИПБ-лардың

қолданыстағы тізімімен мұқият танысып, олардың БЖЗҚ сайтында орналастырылған инвестициялық декларацияларын зерделеуді ұсынамыз. Сондай-ақ ИПБ-лардың қаржылық көрсеткіштерін, сонымен бірге ИПБ-ға қатысты реттеуші орган — ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі тарапынан қолданылған әкімшілік шаралар, санкциялар және ықпал ету шаралары туралы ақпаратты (егер олар болған жағдайда) талдау қажет. ИПБ-ны таңдау – салымшының дербес шешімі.

БЖЗҚ-ның invest.enpf.kz порталында әртүрлі ИПБ қызметінің тиімділігін сипаттайтын маңызды көрсеткіштерді салыстыруға болады. Олардың қатарында: кірістілік, УЕ (зейнетақы активтерінің инвестициялау нәтижесінде өзгеруін сипаттау үшін пайдаланылатын зейнетақы активтері құнының үлестік шамасы, оның бағамы есептелген инвестициялық кіріске (залалға) байланысты болады), портфельдің құрылымы және ИПБ-ның қаржылық көрсеткіштері бар. Инвестициялық басқару жөніндегі бірыңғай ақпараттық интернет-платформа — салымшыларға зейнетақы инвестицияларын онлайн режимде талдауға мүмкіндік беретін заманауи цифрлық ресурс.

Жеке кабинетте салымшы, сондай-ақ: •ИПБ-ға/ИПБ-дан/ҚР Ұлттық Банкіне беруге немесе қайтаруға қолжетімді соманы тексере алады; •ИПБ-ны таңдау (өзгерту) туралы немесе ИПБ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын ҚР Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтару туралы өтініш беру ережелерімен және шарттарымен таныса алады; •ИПБ-ны таңдау (өзгерту) немесе ҚР Ұлттық Банкіне қайтару туралы өтініш бере алады және оның мәртебесін бақылай алады; •басқа да қолжетімді зейнетақы қызметтерін пайдалана алады. Осылайша, invest.enpf.kz бірыңғай интернет-платформасы зейнетақы жүйесіндегі цифрлық сервистерді дамытудың маңызды элементіне айналып, салымшылардың зейнетақы капиталын басқаруға неғұрлым саналы түрде қатысуына және өздерінің қаржылық болашағын қалыптастыруына ықпал етеді. Сондай-ақ таңдалған ИПБ инвестициялық портфелі бойынша өзекті ақпаратпен БЖЗҚ сайтындағы тиісті бөлімнен (Зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға аудару) танысуға болады.

5. БЖЗҚ-ның дерекқорлары зейнетақы жинақтарының ірі сомаларын аударуға және болашақта бірнеше портфельді жүргізуге/есепке алуға бейімделген бе? ИПБ жүйелерімен интеграция қалай жүзеге асырылады?

БЖЗҚ-ның әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде өз ақпараттық жүйелерін интеграциялау бойынша мол тәжірибесі бар екенін атап өткен жөн. Осыған сәйкес, БЖЗҚ-ның ақпараттық жүйелері ИПБ-мен өзара іс-қимыл барысында барлық деректерді есепке алуға мүмкіндік береді. Бұл ретте БЖЗҚ барлық салымшылар үшін бірыңғай есептік және ақпараттық орталық, сондай-ақ активтерді кім басқаратынына қарамастан (салымшының таңдауы бойынша ҚР Ұлттық Банкі және/немесе ИПБ), олардың жеке зейнетақы шоттарының операторы болып қала береді.

БАЛАНЫ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАУ КЕРЕК?



Жаңа оқу жылының басталуы - бала үшін жаңа кезеңнің бастауы. Өсіресе бірінші сыныпқа баратын немесе жаңа мектептерге ауысатын балалар үшін бұл кезең қуанышпен қатар қобалжу, қорқыныш, сенімсіздік сияқты сезімдерді де тудыруы мүмкін. Сондықтан баланы мектепке дайындау тек оқу құралдарын алып, кимін әзірлеумен шектелмейді. Баланың психологиялық және эмоционалдық дайындығына да ерекше көңіл бөлу қажет. Баламен мектеп туралы жағымды сөйлесіңіз. Ата-ана мектеп туралы сөйлескенде баланы қорқытатын сөздерден аулақ болғаны дұрыс. «Мектепке барғанда тәртіпке үйренесің», «Мұғалім ұрсады» деген сөздер баланың бойында мектепке деген жағымсыз көзқарас қалыптастыруы мүмкін. Оның орнынан «Мектепте жаңа достар табасың», «Көп қызықты нәрсе үйренесің», «Қиналған кезде біз саған көмектесеміз» деген жылы сөздер баланың өзіне деген сенімін арттырады. Жазғы демаыста балалардың ұйқы режимі өзгеріп кетуі мүмкін. Оқу басталуына бірнеше апта қалғанда баланы біртіндеп ерте ұйықтатып, ерте тұруға бейімдеген жөн. Ұйқы жеткілікті болуы баланың көңіл-күйіне, зейініне,

есте сақтау қабілетіне және оқу белсенділігіне әсер етеді. Гаджет уақытын реттеңіз. Оқу басталар алдында телефон, планшет және компьютерді қолдану уақытын біртіндеп ретке келтірген дұрыс. Бос уақытты қозғалысқа, таза ауада серуендеуге, кітап оқуға және отбасымен бірге уақыт өткізуге бағыттау баланың мектеп режиміне бейімделуіне көмектеседі. Ең бастысы балаға қауіпсіздік сезімін беріңіз. Ең маңыздысы – бала өзін ата-анасына қажет, сүйікті және қолдауды сезінуі. Ата-ана баласына қандай баға алсаң да біз сені жақсы көреміз қиналған кезде біз саған көмектесеміз сенің қолыңнан келеді деген сөздерді жиі айтып отырғаны жөн. Жаңа оқу жылы - тек бала үшін емес, ата-ана үшін де жаңа жауапкершілік кезеңі. Сондықтан баладан жоғары нәтиже талап етуден бұрын оның көңіл-күйіне, эмоционалдық жағдайына және ішкі сезіміне назар аударайық. Балаға мектепке қуанышпен баруға мүмкіндік берейік. Себебі жақсы оқу ең алдымен баланың өзін қауіпсіз, әрі сенімді сезінуінен басталады.

Ақнұр АБАТҚЫЗЫ,
Ойыл аудандық аурухана психологі.

Балалар арасында анемияның алдын алу

Эритроциттер санының төмендеуімен және гемоглобин концентрациясының төмендеуімен сипатталатын ағзаның күйі анемия немесе халықта қан аздығы деп аталады. Мұндай жағдайда ағзаның өмірі оттегінің жетіспеушілігі және барлық тіңдердің көмірқышқыл газымен өзін-өзі улануы болып табылады. Демек, барлық бұлшықеттердің дистрофиясы, соның ішінде жүрек, орталық жүйке жүйесінің, бауырдың, асқазан–ішек жолдарының, сондай-ақ жасушалардың бөліну процесі бұзылады. Басқаша айтқанда – бүкіл ағзаның созылмалы күйзелісінің дамуы. Анемияның себептері мен түрлеріне байланысты әртүрлі. Ең жиі кездесетіні – темір тапшылығы анемиясы (ТТА). ТТА анемияның барлық түрлерінің 50-90% құрайды және анемияның ең таралған түрі болып табылады. Ересектерде анемия инфекцияларға төзімділіктің төмендеуіне, созылмалы шаршаудың дамуына және жұмыс қабілетінің төмендеуіне әкеледі (дене қабілетінің төмендігі, шығармашылық белсенділігі).

Анемияның негізгі себептері:

- Темірдің тағаммен бірге ағзаға жеткіліксіз түсуі. Темір адам ағзасына негізінен ет, балық, сүт және астық өнімдерімен, сондай-ақ көкөністермен бірге түседі;
 - Безгек, туберкулез және басқа аурулар сияқты инфекциялардың немесе гельминттердің болуының салдарынан қан кету, қызыл қан жасушаларының жоғалуы немесе жойылуы;
 - Эритроциттердегі генетикалық ақаулар.
- Темір тапшылығының алдын алу**
- Микроэlementтердің (микроэлементтер мен дәрумендер) және ТТА тапшылығының алдын алуының үш негізгі стратегиясы бар:
- микроэлементтер мен дәруменді дәрілер, капсула, сироп және т. б. түрінде қабылдау;
 - фортификация (тағамдық өнімдерді витаминдермен және микроэлементтермен байыту);
 - халықтың салауатты тамақтану туралы хабардарлығын арттыру арқылы тамақтануды ұтымды ету;
 - анемияның дамуын тудыратын паразиттік ауруларды бақылау.
- Ғ. ҚҰБАЕВ,**
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау-басқармасының басшысы.



СПОРТ ПЕН КІТАП — САЛАУАТТЫ ӨМІР МЕН САНАЛЫ ҰРПАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Спорт — сергектік пен бірліктің бастауы. Спорт — адам денсаулығын нығайтып қана қоймай, оның бойында жауапкершілік, табандылық, шапшаңдық, ұйымшылдық және жеңіске деген ұмтылыс сияқты қасиеттерді қалыптастыратын маңызды құрал. Ал кітап — адамның рухани дүниесін байытып, білімін арттырып, ой-өрісін кеңейтетін баға жетпес қазына. Бір қарағанда спорт пен кітаптың арасында айырмашылық көп сияқты көрінгенімен, екеуін біріктіретін ортақ қасиет бар. Ол — адамның жан-жақты дамуына ықпал етуі. Қазіргі таңда жас ұрпақтың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың салауатты өмір салтын ұстануына және білімге қызығушылығын арттыруға жағдай жасау — маңызды міндеттердің бірі. Осы орайда С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері, Ақтөбе қаласындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған орталықтың тәрбиеленушілерімен Спорт күніне орай көңілді әрі танымды «Брейн-ринг» спорттық-интеллектуалдық ойынын ұйымдастырды. Іс-шараның негізгі мақсаты — балаларды спортқа қызықтырумен қатар, олардың білімге, кітап оқуға, ойлануға және өз қабілеттерін дамытуға деген ынтасын арттыру. Ойын барысында спорт

пен интеллектуалдық тапсырмалар өзара үйлесіп, қатысушыларға ерекше көңіл-күй сыйлады. «Брейн-ринг» — білім мен шапшаңдық сайысы. «Брейн-ринг» ойыны үш бөлімнен тұрды. Сайыстың «Спорттағы білгірлер» деген бірінші бөлімде қатысушылар блиц-сұрақтарға жауап беріп, өздерінің шапшаңдығы мен білімін сынады. Уақыттың аздығына қарамастан, балалар сұрақтарға тез әрі нақты жауап беруге тырысты. Бұл кезең олардың зейінін шоғырландырып, жылдам шешім қабылдау қабілетін дамытуға мүмкіндік берді. «Сұрақ пен тапсырма» деген екінші бөлімде балаларға түрлі қызықты тапсырмалар ұсынылды. Әр тапсырма қатысушылардан тапқырлықты, логикалық ойлауды және топпен жұмыс істей білуді талап етті. Балалар бір-біріне қолдау көрсетіп, өзара пікір алмасып, ортақ шешімге келуге тырысты. Осындай ойындар арқылы жарыс мәдениеті мен командалық рух қалыптасатыны анық байқалды. «Миға жаттығу» деген үшінші бөлімде қатысушылар қате жазылған сөздерді тауып, өздерінің сауаттылығын тексерді. Бұл тапсырма кітап пен оқу тақырыбымен де тығыз байланысты болды. Өйткені кітап оқу — сөздік қорды молайтудың, сауатты жазудың және дұрыс сөйлеудің ең тиімді жолдарының бірі. Кітапхана болса, осындай білім мен

ізденіске жол ашатын маңызды мәдени орта болып табылады. Кітапхана — білім мен спортқа бағытталған орта. Кітапхана — тек кітап сақталатын орын емес, ол адамның ізденіп, жаңа дүниені танып, өз қабілетін дамытуына мүмкіндік беретін рухани орталық. Кітап оқитын адам өз ойын еркін жеткізуге, ақпаратты саралауға және дұрыс шешім қабылдауға үйренеді. Ал спортпен айналысатын адам денесін шынықтырып, тәртіп пен төзімділікке тәрбиеленеді. Сондықтан кітап пен спортты қатар дамыту — жан-жақты тұлға қалыптастырудың маңызды негізі. Білімді, дені сау, белсенді және еңбекқор ұрпақ — елдің болашағы. Мемлекет басшысы да жастардың білімді, еңбекқор болып, дене шынықтырумен және спортпен белсенді айналысуының маңызын бірнеше рет атап өткен. Бүгінгі «Брейн-ринг» ойыны осы құндылықтарды бір арнаға тоғыстырған ерекше іс-шара болды. Мұнда балалар тек жарысып қана қоймай, жаңа білім алып, бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өздерінің мүмкіндіктерін көрсетті. Спорттық тапсырмалар олардың белсенділігін арттырса, интеллектуалдық сұрақтар ойлау қабілетін жетілдірді. Жарыс барысында балалар өздерінің шапшаңдығын, тапқырлығын, зейінін және логикалық

ойлау қабілетін көрсетті. Әрбір тапсырма қызықты бәсекеге толы болып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Ең бастысы — балалар спорттың тек дене шынықтыру ғана емес, сонымен қатар достыққа, бірлікке, белсенділікке және жеңіске ұмтылуға тәрбиелейтінін сезінді. Спорт адамды шынықтырса, кітап адамды ойландырады. Спорт — денеге күш берсе, кітап — санаға білім береді. Ал кітапхана осы екі бағыттың да дамуына ықпал ететін маңызды қоғамдық орта бола алады. Осындай іс-шаралар балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне, өз қабілеттерін ашуына және жаңа нәрсеге қызығушылығын арттыруына үлкен мүмкіндік береді. Сондықтан спортты серік етіп, кітапты дос тұтып, білім мен белсенділікті қатар алып жүру — әрбір жас үшін маңызды. Барлық қатысушыларға белсенділіктері, қызығушылықтары және жақсы көңіл-күйлері үшін алғыс айтамыз! Алдағы уақытта да кітап пен спортты насихаттайтын, балалардың білімін, денсаулығын және шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған осындай мазмұнды іс-шаралар жалғасын таба берсін!

Гүлнұр ИХСАНҒАЛИЕВА,
Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының библиографы.

СІБІР ЖАРАСЫ — ҚАЙ МАЛДА ДА ҚАУІПТІ!

СІБІР ЖАРАСЫ - ҚОЙДА - ТОПАЛАҢ, ЖЫЛҚЫДА - ЖАМАНДАТ, ІРІ ҚАРАДА - ҚАРАТАЛАҚ, ТҮЙЕДЕ-АҚШЕЛЕК ДЕП АТАЛАДЫ. ҚОЗДЫРҒЫШЫ - БАЦИЛЛУС АНТРАЦИС. ҚОЗҒАЛМАЙТЫН МИКРОБ ТАЯҚШАЛАРЫ, АУАСЫЗ ЖЕРДЕ 12 ГРАДУС ЖОҒАРЫ Т ТӨМЕНГІ 45 ГРАДУС АРАЛЫҒЫНДА ӨСЕ БЕРЕДІ. ҚОЛАЙСЫЗ ЖАҒДАЙДА СЫРТҚЫ ҚАБАТ ПАЙДА БОЛЫП (СПОРА) ҰЗАҚ САҚТАЛАДЫ. БҰЛ АУРУҒА АДАМНАН БАСТАП, БАРЛЫҚ ЖАН-ЖАНУАР ТЕЗ ШАЛЫНАДЫ.



Жұғуы (алиментарлық жолмен) арқылы және адамдар ауру мал сойғанда жаракаттанған тері арқылы жұқтырады. **Клиникалық белгісі:** дене қызуы жоғары 41-42оС, тыныс алуы қиындайды. Жүрек қағысы жиілейді. Ауру малдар 10-12 сағат арасынан бастап 1.5-2 күн ішінде алдын алу шараларын жасамаса, 10-12% дейін шарпуы мүмкін. Инкубациялық кезең 1-3 күн. Аурудың өту уақытына байланысты: 1. Бір сәттік; 2. Жіті түрі; 3.Жітіден төмен түрі.

Патологиялық өзгерістер: Өлексе қатты ісініп кетеді, ауыз,тыныс, нәжіс қуыстарынан ұйымаған қан ағады. Өлексе тез бұзылады. Қаны қара түсті қою ұйымайды, өлексе сіресіп қатып қалмайды. Сойып қарағанда тері асты, сөл бездері ісініп, ішкі органдардың барлығы қанталар кетеді. Көкірек, іш қуыстарында қан аралас сұйықтық толған. **Диагноз:** Эпидемиологиялық көрініске, клиникалық жағдайына, ауру мал белгісіне қарап қойылады. Жазғы жайлау уақытында, бұрын ошақ болған жерде, жауын шашыннан кейін не-

ҚР АШМ ВБЖҚ Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

ЕСКЕ АЛУ

Жұмбергенов Ғұсман Жұмбергенұлының арамыздан озғанына биыл 5 жыл толды.

Адам өмірден өткенімен, оның жарқын бейнесі, жақсы істері, айтқан ақылы мен жүрекке жақын жылы сөзі артында қалған ұрпағының жадында мәңгі сақталады. Бес жыл өтсе де, асыл жарымызды, аяулы әкемізді, ардақты атамызды сағынышпен еске аламыз. Оның орны біздің жүрегімізде әрдайым бөлек. Отбасына қамқор, ағайынға сыйлы, туған-туысқа жанашыр болған Ғұсман Жұмбергенұлының ғибратты ғұмыры біз үшін әрдайым өнеге. «Уақыт емші» дейді. Алайда уақыт өткен сайын сағыныштың басылмай, керісінше, жүрекке тереңдей түсетінін сезінеміз. Әр қуанышымызда орныңыздың

месе жазғы тасқын уақытында немесе жаңа аударылған топырақ жерлерде малдардың тез өлуі, құман тудырады. Лабораторияға құлақтан кесілген кесіндіден, көлеңкеде кептірілген қалың қан жағындысын жібереді, қан алған, кесілген жерді күйдіріп тастайды. Қарасанды браздот, газды ісік ауруы, пастереллез, улану т.б аурулардан ажырата білу қажет. Сібір жарасы ауруынан өлген малдың басқа аурулардан айырмашылығы (қарапайым белгісі) өлексе қатып қалмайды (сіреспе болмайды). Ауырып тұрған ауыл шаруашылығы жануарларын сою алдында дене қызуын өлшеп, жағдайын қарап ветеринар дәрігердің рұқсатымен сойылуға тиісті. 2026 жылғы жоспар бойынша Сібір жарасына 37 0000 мүйізді ірі қара, 140000 ұсақ мал, 22900 жылқы егілу керек. Қазіргі таңда орындалып тұрғаны16750 мүйізді ірі қара, 50600 ұсақ мал, 8800 жылқы егіліп тұр. Шаруа қожалықтар мен жеке тұрғындар жануарларын, сібір жарасы ауруына қарсы вакциналау жүргізіп, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру базасына кіргізуге міндетті.

Еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері мен шөберелері.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1256 дана. Тапсырыс 1295
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АҒАШҚА ЖАН БІТІРГЕН ШЕБЕР

АҒАШТАН ТҮЙІН ТҮЙІП, АТА КӘСІПТІ БҮГІНГІ ЗАМАН ТАЛАБЫМЕН ҰШТАСТЫРЫП ЖҮРГЕН ЖАНДАР АЗ ЕМЕС. СОЛАРДЫҢ БІРІ – ОЙЫЛДЫҚ ШЕБЕР ҚУАНЫШ МЕРГЕНБАЕВ. ЖИЙРМА ЖЫЛДАН АСТАМ УАҚЫТТАН БЕРІ АҒАШ ӨНДЕУМЕН АЙНАЛЫСЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН КӘСІПКЕР БҮГІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚОЛ-НЕРДІ ТАБЫС КӨЗІНЕ АЙНАЛДЫРЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ОНЫҢ ӨМІРШЕНДІГІН САҚТАУҒА ӨЗ ҮЛЕСІН ҚОСЫП КЕЛЕДІ.



Аудан орталығындағы шеберханаға бас сұққан жанды ағаштың иісі мен жұмысқа деген ұқыптылық бірден баурап алады. Мұнда әр бұйым өз орнымен орналасқан. Бір жерде жаңа бесіктің қаңқасы дайындалып жатса, енді бір жерде ұлттық өрнек ойылып, келесі бұйымның соңғы әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Әр дүниенің артында төзім мен тынымсыз еңбек жатыр. Бүгінде шебер ағаштан бесік, сандық, есік, үстел, орындық және басқа да тұрмыстық бұйымдар жасайды. Сонымен қатар тапсырысқа сай ұлттық нақыштағы түрлі ағаш өнімдерін әзірлейді. Әр дүниені үлкен жауапкершілікпен жасап, оның сапасы мен беріктігіне ерекше мән береді. – Бұл өнер маған әкемнен дарыған. Бала күнімнен ағашпен жұмыс істеуге қызығушылығым ерекше болды. Әкемнің жанында жүріп, ағаш өңдеудің алғашқы қыр-сырын үйрендім. Уақыт өте келе бұл іс өмірімнің ажырамас бөлігіне айналды. Ағаш өңдеу – үлкен шыдамдылық пен ұқыптылықты қажет етеді. Бұйымның сапасы алдымен таңдалған ағашқа байланысты. Сондықтан материалды мұқият таңдап, қа-

жет болған жағдайда облыс орталығынан арнайы алдыртамыз. Жасаған дүниеміз ұзақ жылдар пайдаланылуы үшін барынша сапалы етіп жасауға тырысамыз, – дейді Қуаныш Мergenbaev. Шебердің қолынан шыққан бұйымдардың ішінде бесік пен қыз жасауына арналған сандықтарға сұраныс жоғары. Сонымен қатар тойбастарға арналған ағаш көрзеңкелерді және өзге де тұрмыстық бұйымдарды тапсырыспен дайындайды. Табиғи ағаштан жасалған әр өнім ұлттық нақышымен, әсемдігімен және сапасымен ерекшеленеді. – Қазақ үшін бесіктің орны ерекше. Бұрын бір бесік бірнеше ұрпаққа қызмет еткен. Сондықтан әр қазақтың шаңырағында бесік болғанын қалаймын. Бесікті негізінен қарағай ағашынан жасаймын. Бұл ағаш жеңіл әрі берік келеді. Тапсырыс берушінің қалауына қарай сыртын әрлеп, бояп та беремін, – дейді шебер. Қолөнерді заман талабына сай дамытуға ұмтылған Қуаныш Мergenbaev 2024 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 3,2 миллион теңге көлемінде шағын несие алып, лазерлік және фрезерлік станок сатып

алған. Жаңа құрал-жабдықтардың көмегімен кәсіпкер өндіріс ауқымын кеңейтіп, бұрын қолмен жасалатын жұмыстарды заманауи технология арқылы сапалы әрі қысқа мерзімде орындауға мүмкіндік алған. Бүгінде шебер той табақтары, тойға арналған кәде-сый бұйымдары, телефонға арналған ағаш тұғырлар, құдаларға тағылатын эмблемалар мен ұлттық нақыштағы түрлі кәдесый өнімдерін әзірлейді. Бұл жаңа өнім түрлерін көбейтіп қана қоймай, тұтынушылар сұранысын қанағаттандыруға және кәсібін одан әрі дамытуға жол ашқан. – «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында алған жеңілдетілген несие кәсібімізді кеңейтуге үлкен мүмкіндік берді. Қажетті құрал-жабдықтарды сатып алып, жаңа өнімдер шығаруды қолға алдық. Алдағы уақытта да жұмыс ауқымын ұлғайтып, ұлттық нақыштағы бұйымдардың түрін көбейтуді жоспарлап отырмыз, – дейді кәсіпкер. «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл тұрғындарының өз кәсібін бастауына және жұмысын кеңейтуіне бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Бағдарламаның игілігін көріп, өндірісін жаңғыртқан Қуаныш Мergenbaev бүгінде ұлттық қолөнерді дәріптеп қана қоймай, заман талабына сай өнім шығарып, кәсіпкерлігін дамытуда. Сонымен қатар жас ұрпаққа ағаш өңдеу өнерін үйретіп, ата кәсіптің үзілмей жалғасуына үлес қосуды мақсат етеді. Ата кәсіпті заман талабымен ұштастырып, ұлттық қолөнерді дамытуға үлес қосып жүрген Қуаныш Мergenbaev үшін ағаш – жай ғана материал емес, ұлттық мұраның бір бөлшегі. Оның қолынан шыққан әр бұйым – ұқыптылықтың, шеберліктің және қазақы болмыстың көрінісі. Осындай еңбек адамдарының арқасында ұлттық қолөнердің өміршендігі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ҚҰРДАСТАР ҚҰРМЕТІ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

ОЙЫЛ ӨНІРІНДЕ 1972 ЖЫЛЫ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН АЗАМАТТАР ӨМІРДЕН ӨТКЕН ҚҰРДАСТАРЫН ЕСКЕ АЛЫП, ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРДЫ. ЖАСТЫҚ ШАҒЫ МЕН БАЛАЛЫҚ ДӘУІРІ ҚАТАР ӨТКЕН ҚҰРДАСТАРДЫҢ БАСЫН ҚОСҚАН БАСҚОСУДЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – БАҚИЛЫҚ БОЛҒАН АЗАМАТТАРДЫҢ ЕСІМІН ҰЛЫҚТАП, ОЛАРДЫҢ РУХЫНА ТАҒЫМ ЕТУ, ТУҒАН ЖЕРГЕ ОРТАҚ ИП ІС ҚАЛДЫРУ.



Еске алу шарасы алдымен аудан орталығындағы Тәуелсіздік көшесінде бой көтерген «Құрдастар саябағының» ашылуынан басталды. Бұл саябақ – 1972 жылы туған Ойыл өңірі азаматтарының ортақ бастамасы мен еңбегінің нәтижесі. Оның игілікті іске айналуына Жетікөл, Қаракемер, Құмжарған және өзге де елді мекендерде туған, өсіп-өнген құрдастар өз үлестерін қосты. Бірі Ойылда тоғызыншы-оныншы сыныпта бірге оқыса, енді бірі бір жыл ғана қатар білім алған. Кейбірінің балалық шағы бір ауылда өткен.

Саябақтың ашылу салтанатына Ойыл ауданының әкімі Асқар Қа-

зыбаев қатысып, игі бастамаға жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар ел ағалары, ардагерлер, ұстаздар мен өмірден өткен құрдастардың ата-аналары және туған-туыстары арнайы шақырылды. Кезінде ел басқарған азаматтардың бірі Ғазиз Займолда да шараға қатысып, құрдастарға батасын берді. Сондай-ақ 1972 жылғыларға сабақ берген, сынып жетекшісі болған ұстаздар арнайы шақырылды. Саябақтың ашылуында ерекше мән берілген сәттердің бірі – ағаш отырғызу рәсімі болды. Құрдастар өздері білім алған ұстаздарына, ата-аналарына тал ектірді. Бұл

– өмірден өткен перзенттердің есімін туған жерде мәңгі қалдырудың символдық белгісіндей. Салтанатты шара басталмас бұрын жиналған жұрт киіз үйге кіріп, ақтан ауыз тиді. Саябақтың ашылуынан кейін құрдастар мешітке барып, өмірден өткен барлық құрдастарының рухына Құран бағыштады. Марқұмдардың есімдері аталып, олардың артында қалған туған-туыстарына көңіл айтылып, дұға жасалды. Бұдан кейін «Бәйтерек» мейрамханасында ас берілді. Басқосуда өмірден өткен құрдастардың рухына дұға бағышталып, олардың жақындарына естелік сыйлықтар табысталды. Жиын барысында бірге өскен, бірге оқыған азаматтардың өткен күндері еске алынып, жүрекжарды естеліктер айтылды. Шараға жан-жаққа тарап кеткен 1972 жылғылардың бірқатары арнайы ат ізін салып келді. Алматы, Ақтөбе қалаларынан және өзге де өңірлерден келген құрдастар туған жерге жиналды. Бұл күн – бір жылда дүниеге келген азаматтардың жай ғана бас қосуы емес, уақыт өткен сайын қадірі арта түсетін құрдастықтың, туған жерге деген сағыныштың және өмірден өткен жандарға деген құрметтің көрінісі болды. Өйткені адам өмірден өтеді, ал оның артында қалдырған жақсы аты мен жарқын ізі ел жадында сақталады. «Құрдастар саябағы» да осы іздің бір белгісі болып, жылдар өте саялы мекенге айналары сөссіз.

Гаухар АБАЙҚЫЗЫ.

НАРИМАННЫҢ ҚАРБЫЗЫ

ҚИЫЛДЫҢ БОЙЫН ҚИЯЛАЙ ҚОНҒАН АҚКЕМЕРДЕ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕГІ ТЕРБЕЛГЕН, БАУ-БАҚШАСЫ ЖАЙҚАЛҒАН КӨРІКТІ АУЛАЛАР КӨП. СОНЫҢ БӨРІН КӨРІП ӨСКЕН НАРИМАН ШАХАНОВ ҮШІН ҚАЗІРГІ МАУСЫМДЫҚ КӨСІБІ ТАҢСЫҚ ЕМЕС. АЛАЙДА, ӨУЕЛГІДЕ «ТӨУЕКЕЛ» - ДЕП БЕЛ БУҒАН ЖІГІТ БҮГІНДЕ НАҒЫЗ БАҒБАНҒА АЙНАЛДЫ. БАҚШАҒА ДЕН ҚОЮЫНЫҢ ТАРИХЫ ДА ҚЫЗЫҚ...



Әулеттің үлкені болғасын ел қатарлы білімін алған соң, Ақтөбеде кәсібін дөңгелетіп, тұрмысын қалыптастыра бастады. Күні бойғы жүгіріспен, қаланың шыуынан шаршағасын сырттан жер телімін алып, өзінің баспанасын көтермекке қамданды. Құрылысқа әрине еңбек күші керек. Жұмыстың бағасынан

бұрын, жұмысшыларының құрылысты тоқсан сылтаумен созбаламай, тез аяқтағанын қалады. Таныстары арқылы өзбек жігіттерді тапты. Еңбекқор жігіттер екі айда шөбі белуардан келген жерге өзінің қалауындай үйін тұрғызып, құрылысын толық аяқтап берді. Өзі де күндіз-түні біресе материалын жет-

кізіп, біресе басқасын жеткізіп жүргенде ағасындай ақылмен айтып, көнігі құрылысшы ретінде көп кеңес берген жігіттермен туысындай араласып кетті. Үйдің құрылысы бітті. Жұмысшыларының еңбегін адал төледі. Сыртқы өздерінің де қолынан келетін жұмыстар қалды. Олардың еңбегіне тәнті болып, риза

болғаны сонша, бір күні өзбектерді туған ауылына әкеліп, Қиылдың бойындағы табиғат аясына қой сойып қонақ қылды. Бала кезден еңбекке, соның ішінде бақша егу жұмысына жақын өскен олар Қиылдың табиғатын көріп «құлап» түсті. Сол жерде қол беріп, уағдаласты. Келесі жылы сол жерге бақша егетін болып... Көктемде елу жылдан бері бау-бақшамен айналысып келе жатқан атасын алып келген жігіттер бірден жұмысқа кірісіп кетті. Екі жігіттің берік уәдесінің «жемісі» - биыл 15 гектар алқапта жайқалып тұр. Алғашқы жылы үш гектар жерге қарбыз-қауын егіп бастаған Нариман бүгінде өзі бауырларымен бірге бақша баптаудың нағыз маманына айналды. Тіпті әкесі Нұрлан алпыстан асса да күні-түні қастарында. Міне, төрт жылдан бері төрт ағайынды жігіт жомарт жердің бабын тауып, ырзық-несібесін айырып отыр. Өзірге еңбек күші өзбек достарымен бірге өздері және жиені мен ағайын інісі. Біыл кезең-кезеңімен өнім беретін қарбыздың бес түрін егіпті. Оның сыртында үш гектар қауын бар. Жиырма сотық жерде картоп та гүлдеп тұр. Бір гектар жердің қиырын жинап, Ақтөбеге өткізді. Өткізді демекші, жерді игеріп, оның өнімін өткізуде екінің бірінің қолынан келмейді. Ақтө-

беде құрылыс материалдарын сатумен айналысып, саудада ысылған жігіт қарбыздарын «Табыс» базарына апарып тұр. Саралжынның тұсында да арнайы нүктесі бар. Әрлі-берлі өткенде Нариманның қарбызына көз тігетін көршілес Қобданың жігіттері де ұсыныс тастап, жақында сауда нүктесін ашты. Сонымен қатар, Ақтөбедегі дәмін көрген жігіттер де көтеріп әкетіп жатыр. «Мата даңқымен бөз өтеді, ата даңқымен қыз өтеді» - емес. Нариман ең бірінші өнімінің сапасына мән беріп отыр. Әрине, бақша еккеннің нитраттарды қолданады. Бөрінің де шегі, мөлшері бар. Сондықтан да Нариманның қарбыздары көлемі көп үлкен емес. Бірақ, дәмі тіл үйіреді. -Биыл Мадрид Ф1, «Топкон», «Продюсер», «Холлор» деген жазда өнім беретін төрт түрін егіп отырмыз. Ал, бір қарбызымыз ол суыққа төзімді күзде піседі.— Бұлардың бәрі де ала қарбыз, бірақ ішіндегі қызылы, дәмі әртүрлі. Төртеуінде төрт түрлі айырмашылық бар. Мысалға, Топкон мен Мадрид Ф1-дің ішіндегі қызылы өте қызыл болады, қып-қызыл болады, сосын тығыз болады бұлар. Жегенде кәдімгідей сықыр-сықыр етеді, дәмі өте дәмді. Салмақты да. Мадрид Ф1 15 килодан жоғары тартады, - дейді Нариман Нұрланұлы.

Міне, үш айғы еңбектің жемісі. Біздің алдымызға жеткен қарбызды егіп, суарып, күтіп-баптаудан бөлек күзету де көп еңбек. Алқап қоршаулы құрғанымен айнала анталған мал. Іргедегі ауылдың сиыры мен Қобданың жылқысы күндіз-түні тыным бермей тұр. Одан қалды, қарға мен қоян да осы бақшаға көз тігіп отыр. Көзің тайса қарға ойып шұқып тастаса, қоян сыртын сыпырып тастайды екен. Ата жұрт Ақкемерде әкесі әуелгіде шаруашылық ашып, малбасын көбейткен еді. Кейіннен балалардың бәрі қалаға кеткесін, одан қалды жұбайы сырқаттанғасын қойған еді. Бірақ, сол шаруашылықты жүргізуді балалары бағытын өзгертіп, іліп әкетті. Атам қазақ, «Өзен жағалаған-ның өзегі талмайды», - дейді. Шынында да ағын судың бойында ерінбеген жанға еселеп несібе табуға болатындығын еңбекқор Нариманға қарап тағы бір мәрте ұқтық. Бау-бақша - береке бастауы. Оны күтіп-баптау, әркез суарып, арам шөптерін жұлу қажырлы еңбекті қажет етеді. Осындай берекелі істің бейнетін жеңіп, зейнетін көріп отырған ағайынды жігіттердің еңбекқорлығы қандай мақтау сөзге де лайықты.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.